

ӘӨЖ 378.1

МРНТИ 14.01.11

DOI 10.56525/INGC9946

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУЫ: КӘСІБИ ТИІМДІЛІК ПЕН ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Талисбаева А.Б., Калиева Э.И.

Есенов университеті, Ақтау қ., Қазақстан

e-mail: albina\_talisbaeva@mail.ru; elmira.kaliyeva@yu.edu.kz

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби тиімділігін арттыруда эмоционалды интеллекттің (ЭИ) рөлі қарастырылады. Эмоционалды интеллект – адамның өз эмоцияларын және өзгелердің эмоцияларын түсіну, тану және тиімді басқару қабілеті. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытушының эмоциялық құзыреттілігі оның кәсіби жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің біріне айналуға бастайды. ЭИ деңгейі жоғары педагогтар студенттермен сенімді қарым-қатынас орната алады, күрделі педагогикалық жағдайларда сабыр сақтап, шешім қабылдау барысында эмоцияларын реттей алады.

Мақалада эмоционалды интеллекттің дамуы оқытушының психологиялық саулығын сақтауға, күйзеліске төтеп беруге және кәсіби тиімділігін арттыруға ықпал ететіні айқындалды. Сонымен қатар, ЭИ мұғалімнің кәсіби күйіп кетуінің алдын алуға және мотивацияны сақтауына мүмкіндік береді. Зерттеу барысында теориялық талдаумен қатар, практикалық тәсілдер – эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған тренингтік бағдарламалар мен жоғары оқу орындарындағы тәжірибелер талданды.

Мысалы, “Mindful Teacher” атты қысқамерзімді бағдарлама оқытушылардың өзін-өзі бақылау, эмпатия және эмоционалды реттеу қабілеттерін күшейтуге бағытталған. Бағдарлама нәтижесінде қатысушылардың эмоционалды тұрақтылығы мен кәсіби қанағаттануы артқаны байқалды. Алынған нәтижелер педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде эмоциялық құзыреттілікті күшейтудің өзектілігін дәлелдейді және бұл бағыттағы тәжірибелік жұмыстардың маңыздылығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** эмоционалды интеллект; кәсіби тиімділік; стресс; психологиялық саулық; оқытушы; жоғары мектеп.

### Кіріспе

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде оқытушының кәсіби дайындығы тек пәндік біліммен шектелмейді. Педагогтың эмоциялық тұрақтылығы мен әлеуметтік құзыреттілігі оқу сапасына тікелей әсер етеді [1]. Оқытушының эмоционалды интеллекті жоғары болса, ол студенттермен тиімді қарым-қатынас орната алады, конфликт жағдайларын оңтайлы шешеді және сабақты шығармашылық тұрғыда ұйымдастырады.

Бүгінгі таңда білім беру саласында кәсіби құзыреттілік ұғымы кеңейіп, оған когнитивтік, тұлғалық және эмоционалды компоненттер енгізілуде. Әсіресе, жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін оқытушылар үшін эмоционалды интеллекттің маңызы ерекше, себебі бұл қабілет олардың кәсіби қызметінде кездесетін түрлі психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Эмоционалды интеллектті дамыған педагог өз сезімдерін түсініп, оларды басқаруды, сонымен қатар өзге адамдардың эмоциялық жағдайын дұрыс бағалауды үйренеді. Мұндай қабілет оқу үдерісінде сенімді, ынтымақтастыққа негізделген орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Көптеген зерттеулер мұғалімдердің кәсіби күйзеліс деңгейі мен эмоционалды интеллект деңгейі арасында айқын байланыс бар екенін дәлелдеген [2; 3]. Яғни, эмоционалды интеллекттің

дамуы оқытушылардың психологиялық әл-ауқатын арттырып, жұмысқа қанағаттануды күшейтеді. ЭИ деңгейі жоғары оқытушылар күйзеліске төзімді, эмоционалды тұрғыда тұрақты және кәсіби қарым-қатынаста тиімді болып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, эмоционалды интеллект – оқытушының кәсіби тиімділігін, еңбек өнімділігін және білім беру сапасын арттырудың маңызды психологиялық тетігі. Сондықтан педагогикалық кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларында эмоциялық құзыреттілікті дамыту бағыттарын жүйелі түрде қарастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу жұмысы жоғары оқу орны оқытушыларының эмоционалды интеллект (ЭИ) деңгейі мен олардың кәсіби күйзеліс пен жұмысқа қанағаттану арасындағы өзара байланысын анықтауға бағытталды. Зерттеу пилоттық сипатта жүргізілді, өйткені қатысушылар саны шектеулі болды.

Жалпы 5 оқытушы Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінен қатыстырылды.

#### 1. Теориялық талдау әдісі

Эмоционалды интеллект ұғымының мазмұны мен құрылымын айқындау мақсатында Mayer, Salovey, Bandura, Bar-On және Zeidner еңбектері зерттелді [4; 5; 6].

#### 2. Сауалнама әдісі

Қатысушыларға екі қысқартылған сауалнама ұсынылды:

- WLEIS (Wong & Law Emotional Intelligence Scale) негізінде бейімделген 16 сұрақтық нұсқа;

- Job Satisfaction Mini Scale — жұмысқа қанағаттану деңгейін анықтау үшін.

Сауалнамалар нәтижесі сандық өңдеуден өтті (орташа арифметикалық және пайыздық көрсеткіштер есептелді).

#### 3. Интервью әдісі

Әр қатысушымен жеке жартылай құрылымданған сұхбат жүргізілді. Сұхбат сұрақтары оқытушылардың кәсіби күйзеліс себептері мен өз эмоцияларын реттеу тәсілдерін анықтауға бағытталды.

#### 4. Практикалық интервенция

Эмоционалды интеллектті дамыту мақсатында қысқартылған “Mindful Teacher – Мини бағдарлама” өткізілді. Ол 3 аптаға созылып, үш негізгі модульді қамтыды:

1. эмоцияларды тану және қабылдау,
2. эмоцияны реттеу және бейімделу,
3. эмпатия және позитивті қарым-қатынас қалыптастыру.

Бағдарлама соңында қатысушылар өз-өзін бағалау сауалнамасын толтырды, нәтижелері бастапқы көрсеткіштермен салыстырылды.

#### **Негізгі бөлім**

##### 1. Эмоционалды интеллект ұғымының теориялық негіздері

Эмоционалды интеллект – адамның өз және өзгенің эмоциясын тану, түсіну және тиімді басқару қабілеті [6]. Ол тұлғаның кәсіби өмірде бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды психологиялық қасиет болып табылады. Эмоционалды интеллект ұғымын ғылыми айналымға алғаш рет америкалық психологтар П. Сэловей мен Дж. Майер енгізген. Олар ЭИ-ді адамның эмоциялық ақпаратты тану, өңдеу және оны ойлау мен мінез-құлықта тиімді пайдалану қабілеті ретінде сипаттайды. Salovey және Mayer (1990) ЭИ-ді төрт негізгі компонент арқылы түсіндіреді: эмоцияны тану, түсіну, қолдану және реттеу.

Кейінірек Д. Гоулман (1995) бұл теорияны кеңейтіп, эмоционалды интеллекттің бес құрамдас бөлігін ұсынды: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Оның пікірінше, бұл қасиеттер адамның жеке өмірінде де, кәсіби ортада да табысты

болуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ЭИ тек туа біткен қабілет емес, арнайы жаттығу мен тәжірибе арқылы дамитын динамикалық психологиялық құрылым ретінде қарастырылады.

Жоғары оқу орны оқытушылары үшін эмоционалды интеллект – кәсіби қарым-қатынасты жақсарту, студенттердің сенімін қалыптастыру және сабақ тиімділігін арттыру құралы болып табылады [7]. ЭИ дамыған педагог студенттердің эмоционалды жағдайын сезініп, оқыту процесін ынталандырушы ортаға айналдыра алады. Бұл қасиет сонымен қатар топтық жұмысты ұйымдастыруда, студенттер арасындағы конфликтілерді шешуде және өз кәсіби беделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ЭИ оқытушының көшбасшылық қабілеттерін күшейтіп, аудиториядағы эмоционалды климатты тұрақтандыруға ықпал етеді. Осы себепті қазіргі педагогикалық психологияда эмоционалды интеллект кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

### *2. Кәсіби күйзеліс және эмоционалды тұрақтылық арасындағы байланыс*

Мұғалімдер мен оқытушылар кәсіби күйзеліске жиі ұшырайтын мамандар тобына жатады [8]. Күйзелістің негізгі себептері – шамадан тыс жұмыс жүктемесі, эмоционалды еңбек, студенттердің пассивтілігі, уақытының жетіспеушілігі және әкімшілік қысым. Мұндай факторлар оқытушының психологиялық жағдайына, мотивациясына және еңбек өнімділігіне кері әсер етеді.

Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары оқытушылар мұндай жағдайларда өз эмоцияларын тиімді басқарып, күйзеліс көздерін оңтайлы шешуге бейім болады [9]. ЭИ оқытушыға жағымсыз эмоцияларды конструктивті бағытқа бұрып, стресс жағдайында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Эмоцияны тану мен реттеу қабілеті педагогтың кәсіби өміріндегі тұрақтылықты сақтап, өзіне және өзгеге деген сенімділікті арттырады.

Мысалы, Chan (2008) зерттеуінде ЭИ деңгейі жоғары педагогтар стресс жағдайын қауіп немесе кедергі ретінде емес, шешуге болатын міндет ретінде қабылдайтыны анықталған [10]. Бұл олардың кәсіби күйзеліс деңгейін төмендетіп, эмоционалды қажуды болдырмауға көмектеседі.

Сондай-ақ Slaski мен Cartwright (2002) еңбектерінде эмоционалды интеллекттің жоғары болуы жұмысқа қанағаттану деңгейін арттыратыны, ал төмен болуы керісінше кәсіби күйіп кетуге әкелетіні дәлелденген. ЭИ дамыған мұғалімдер өз эмоцияларын бақылаумен қатар, студенттердің және әріптестердің эмоционалды реакцияларына да икемді жауап береді. Бұл өз кезегінде оқыту ортасында өзара түсіністік пен сенім атмосферасын қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, эмоционалды интеллект пен эмоционалды тұрақтылық бір-бірімен тығыз байланысты психологиялық көрсеткіштер. ЭИ дамуы педагогтың кәсіби күйзелісті жеңу қабілетін арттырып, оның тұлғалық және кәсіби саулығын сақтауға ықпал етеді.

### *3. Практикалық аспектілер: ЭИ дамыту бағдарламалары*

Эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған тренингтер мен бағдарламалар мұғалімдердің кәсіби тиімділігін арттыруда нәтижелі екенін зерттеулер дәлелдеді [11; 12].

#### *1) “RULER” бағдарламасы (Brackett, 2011)*

Бұл бағдарлама бес дағдыны қамтиды: эмоцияны тану, түсіну, атау, білдіру және реттеу. Мектептер мен университеттерде қолданылған тәжірибелер нәтижесінде, қатысушылардың 70%-ында эмоцияны басқару дағдылары артқан [13].

#### *2) “Mindfulness-Based EI Training” әдісі*

6 апта бойы жүргізілген бағдарламада оқытушылар рефлексия, тыныс алу техникасы, өзін-өзі бақылау және когнитивті қайта бағалау тәсілдерін меңгерді. Нәтижесінде қатысушылардың стресс көрсеткіштері орта есеппен 25%-ға төмендеді [14].

#### *3) “The Emotionally Intelligent Teacher” моделі*

Бұл бағдарлама эмоцияны тану, түсіну және басқаруға бағытталған теориялық және практикалық сабақтарды біріктіреді [15]. Бағдарламаны аяқтаған оқытушылардың сабақ өткізу барысындағы сабырлылық және эмпатия деңгейі жоғарылаған.

### *4. ЭИ мен кәсіби тиімділіктің өзара байланысы*

Эмоционалды интеллект мұғалімнің өзін-өзі тиімді сезінуімен, кәсіби табыстылығымен және оқыту нәтижелерімен тікелей байланысты [16]. ЭИ деңгейі жоғары педагогтар өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, эмоционалды тепе-теңдігін сақтай отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырады. Мұндай оқытушылар студенттердің үлгерімін арттыруда, конфликтілерді болдырмауда және топ ішінде жағымды психологиялық климат қалыптастыруда табысты болады.

Эмоционалды интеллекттің дамуы мұғалімнің кәсіби өзіне-өзі сенімділігін арттырады, бұл өз кезегінде сабақ беру сапасына және студенттердің оқу мотивациясына оң әсер етеді. ЭИ жоғары оқытушылар кері байланысты сын ретінде емес, даму мүмкіндігі ретінде қабылдайды, ал қиын жағдайларды эмоционалды тұрақтылық арқылы конструктивті шешуге бейім. Бұл қасиет педагогикалық қызметтің тиімділігін арттырып қана қоймай, кәсіби күйіп кетудің алдын алады.

Қазақстандық тәжірибеде де эмоционалды интеллектке негізделген әдістердің нәтижелі екені байқалады. Мысалы, Есенов университетінде 2024 жылы жүргізілген “Педагогикалық эмпатия” тренингінде 30 оқытушының кәсіби күйзеліс деңгейі төмендеп, жұмысқа қанағаттану көрсеткіші артқан. Тренинг нәтижесінде қатысушылардың өзін-өзі реттеу және эмоционалды бақылау қабілеттері жоғарылаған. Бұл тәжірибе эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламаларының оқытушылардың кәсіби тиімділігін арттырудағы маңызын дәлелдейді.

Қорытындылай келе, эмоционалды интеллект оқытушының кәсіби жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. ЭИ дамуы оқу сапасын, тұлғалық тұрақтылықты және педагогикалық өзара әрекеттестікті жаңа деңгейге көтереді.

**Зерттеу нәтижелері.** Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орны оқытушыларының эмоционалды интеллект деңгейі мен кәсіби күйзеліс деңгейі арасында кері байланыс бар екенін көрсетті.

#### *1. Эмоционалды интеллект деңгейі*

5 қатысушының 3-інде ЭИ көрсеткіші ортадан жоғары деңгейде (орташа балл 4.1 / 5), ал 2 қатысушыда орташа деңгей (3.4 / 5) тіркелді. Бұл эмоционалды тұрақтылық пен эмпатиялық қабілеттердің жеке ерекшеліктеріне тәуелді екенін көрсетеді [6; 9].

#### *2. Күйзеліс пен жұмысқа қанағаттану*

Кәсіби күйзеліс деңгейі жоғары болған қатысушыларда (2 адам) жұмысқа қанағаттану көрсеткіші төмен (орташа 3.0 / 5), ал ЭИ жоғары қатысушыларда қанағаттану деңгейі жоғары (4.5 / 5) болып шықты. Бұл ЭИ мен психологиялық әл-ауқат арасындағы оң байланысты дәлелдейді [8].

#### *3. Интервью нәтижелері*

Қатысушылардың көпшілігі сабақ үстіндегі эмоционалды қысым мен студенттермен қарым-қатынастағы шиеленістерді басты стресс көзі ретінде атады. Бір оқытушы өз эмоцияларын “бақылауға алу” тәсілін (терең тыныс алу және когнитивті қайта бағалау) жиі қолданатынын айтты, ал басқалары мұндай дағдыларды сирек қолданатынын мойындады.

#### *4. Практикалық интервенция нәтижесі*

“Mindful Teacher – Мини бағдарлама” соңында 5 қатысушының 4-інде:

- өзін-өзі бақылау мен сабырлылық 20–25%-ға артты;
- эмоционалды шаршау көрсеткіші төмендеді;
- студенттермен өзара қатынаста сенімділік артты.

Бір қатысушының пікірінен: “Бұл бағдарлама өз эмоциямды түсінуге және сабақты сабырлы өткізуге көмектесті. Бұрын күйзеліске тез берілетінмін, енді өз реакциямды байқай аламын.”

#### *5. Қорытынды байқаулар*

Нәтижелер эмоционалды интеллектті дамыту оқытушылардың кәсіби күйзелісін азайтып, жұмысқа деген ынтасын арттыра алатынын көрсетті. Тіпті шағын үлгіде (5 адам) жүргізілген бұл

зерттеу ЭИ-ді дамыту бағдарламаларының тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік дәлел болып табылады [11; 17].

**Қорытынды.** Эмоционалды интеллект – жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби шеберлігін, психологиялық тұрақтылығын және студенттермен тиімді байланысын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. ЭИ-ді дамыту мұғалімнің стресске төзімділігін арттырып, сабақ сапасын жақсартады және кәсіби күйіп кетудің алдын алады [17; 18]. Эмоционалды тұрғыдан дамыған оқытушы өз эмоцияларын тиімді басқарып қана қоймай, студенттердің эмоционалды жағдайын да сезіне алады, бұл өз кезегінде оқу үдерісін тұлғааралық сенім мен ынтымақтастыққа негіздейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эмоционалды интеллект деңгейі жоғары педагогтар кәсіби қиындықтарды шешуде икемдірек, сондай-ақ олардың кәсіби қанағаттану деңгейі де жоғары болады. ЭИ дамуы мұғалімнің мотивациясын, эмпатиясын және өзін-өзі реттеу қабілеттерін жетілдіреді, бұл оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Мұндай педагогтар студенттермен тиімді коммуникация орнатып, позитивті оқу ортасын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.

Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына ЭИ-ді дамыту курстарын енгізу, сонымен қатар қызметтегі оқытушыларға арналған кәсіби даму тренингтерін ұйымдастыру – білім беру сапасын арттырудың маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Эмоционалды интеллектті жүйелі түрде дамыту арқылы жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық және кәсіби әлеуетін нығайтуға, сонымен бірге ұлттық білім беру жүйесінің сапалық деңгейін жаңа белеске көтеруге мүмкіндік туады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Jennings, P. A., & Greenberg, M. T. (2009). The prosocial classroom: Teacher social and emotional competence in relation to student and classroom outcomes. *Review of Educational Research*, 79, 491–525.
2. Chang, M. L. (2009). An appraisal perspective of teacher burnout. *Educational Psychology Review*, 2, 193–218.
3. Kokkinos, C. M. (2007). Job stressors, personality and burnout in higher school teachers. *British Journal of Educational Psychology*, 77, 229–243.
4. Mayer, J. D., & Salovey, P. (1997). *Emotional intelligence: Theory and practice*. Basic Books.
5. Bandura, A. (1986). *Social foundations of thought and action: A social cognitive theory*. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall.
6. Zeidner, M., Matthews, G., & Roberts, R. D. (2009). Grace under pressure? Emotional intelligence, stress, and coping.
7. Brackett, M. A., Rivers, S. E., & Salovey, P. (2011). *Emotional intelligence: Implications for personal, social, academic, and workplace success*.
8. Slaski, M., & Cartwright, S. (2002). Health performance and emotional intelligence. *Stress and Health*, 18, 63–68.
9. Chan, D. W. (2008). Emotional intelligence, self-efficacy, and coping among Chinese teachers. *Educational Psychology*, 28, 397–408.
10. Perry, C., & Ball, I. (2007). Dealing constructively with negatively evaluated emotional situations. *Social Psychology of Education*, 10, 442–454.
11. Gardner, L. (2005). *Emotional intelligence and occupational stress*. Swinburne University of Technology.
12. Hansen, K., Gardner, L., & Stough, C. (2007). Improving occupational stress through emotional intelligence development.

13. Brackett, M. A., et al. (2011). RULER program outcomes report.
14. Hansen, K. (2010). Emotional intelligence in the classroom. Melbourne, Australia.
15. Mayer, J. D., Salovey, P., & Caruso, D. (2002). Emotional intelligence test manual.
16. Labone, E. (2004). Teacher efficacy: Maturing the construct through research in alternative paradigms. *Teaching and Teacher Education*, 20, 341–359.
17. Zins, J. E., Payton, J., Weissberg, R. P. (2007). Social and emotional learning for successful school performance.
18. Corbett, D., & Wilson, B. (2002). What urban students say about good teaching. *Educational Leadership*, 60, 18–22.

## **РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ: СТРАТЕГИИ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ И БЛАГОПОЛУЧИЯ**

**Талисбаева А.Б., Калиева Э. И.**

Университет Есенова, г. Актау, Казахстан

e-mail: albina\_talisbaeva@mail.ru, elmira.kaliyeva@yu.edu.kz

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль эмоционального интеллекта (ЭИ) в повышении профессиональной эффективности преподавателей высших учебных заведений. Эмоциональный интеллект представляет собой способность человека распознавать, понимать и эффективно управлять своими эмоциями, а также эмоциями других людей. В современной системе образования эмоциональная компетентность преподавателя становится одним из ключевых показателей его профессионального успеха. Преподаватели с высоким уровнем ЭИ способны выстраивать доверительные отношения со студентами, сохранять спокойствие в сложных педагогических ситуациях и принимать решения, контролируя собственные эмоциональные реакции.

В ходе исследования установлено, что развитие эмоционального интеллекта способствует сохранению психологического здоровья преподавателя, повышению стрессоустойчивости и эффективности профессиональной деятельности. Кроме того, ЭИ помогает предотвращать эмоциональное выгорание и поддерживать внутреннюю мотивацию. В исследовании наряду с теоретическим анализом были рассмотрены практические подходы — тренинговые программы, направленные на развитие эмоционального интеллекта, и опыт их внедрения в высших учебных заведениях.

Так, краткосрочная программа «Mindful Teacher» была направлена на развитие навыков саморегуляции, эмпатии и эмоционального контроля у преподавателей. Результаты показали повышение эмоциональной устойчивости и удовлетворённости профессиональной деятельностью участников. Полученные данные подтверждают актуальность усиления эмоциональной компетентности в системе подготовки педагогических кадров и важность практических программ по развитию ЭИ.

**Ключевые слова:** эмоциональный интеллект; профессиональная эффективность; стресс; психологическое здоровье; преподаватель; высшая школа.

## DEVELOPING EMOTIONAL INTELLIGENCE OF UNIVERSITY TEACHERS: STRATEGIES FOR ENHANCING PROFESSIONAL EFFECTIVENESS AND WELL-BEING

**Talisbayeva A., Kaliyeva E.**

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: albina\_talisbaeva@mail.ru, elmira.kaliyeva@yu.edu.kz

**Abstract.** This article examines the role of emotional intelligence (EI) in enhancing the professional effectiveness of university teachers. Emotional intelligence is defined as the ability of an individual to recognize, understand, and effectively manage one’s own emotions as well as the emotions of others. In the modern education system, a teacher’s emotional competence has become one of the key indicators of professional success. Educators with a high level of EI are capable of establishing trustful relationships with students, maintaining composure in complex pedagogical situations, and making balanced decisions by managing their emotional responses.

The study revealed that the development of emotional intelligence contributes to preserving teachers’ psychological well-being, increasing resilience to stress, and improving professional performance. Moreover, EI helps prevent emotional burnout and sustain motivation in the teaching profession. Alongside theoretical analysis, the research considered practical approaches—training programs aimed at developing emotional intelligence and their implementation within higher education institutions.

A short-term program titled “Mindful Teacher” was designed to enhance teachers’ skills of self-regulation, empathy, and emotional control. The results showed an improvement in participants’ emotional stability and job satisfaction. The findings confirm the importance of strengthening emotional competence in the system of teacher training and highlight the practical value of EI development programs for improving educators’ overall well-being and professional efficiency.

**Keywords:** emotional intelligence; professional effectiveness; stress; psychological well-being; teacher; higher education.